

**Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының**

**докторантты Бакеева Мадина Кайратжановнаның**

**6D040600- Режиссуралардың бойынша**

**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған**

**«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссуралардың генезисі мен даму перспективалары»** атты диссертациясына жазылған

### **ПІКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми әрі мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибелің және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Докторант Бакеева Мадина Кайратжановна «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссуралардың генезисі мен даму перспективалары» атты диссертациялық зерттеудің дүниежүзілік жаһандану сатысында қарқынды дамып келе жатқан цифрландыру тенденциясын, отандық телеарналарда контенттің пайда болуы, даму жолдары және оның сипаттық ерекшеліктері аспектісінде салыстырмалы-сипаттамалық, теориялық талдау негіздемелерге сәйкес режиссураның телевизиялық стандарттары арқылы сапалы контент жасаудағы маңыздылығына талдау жүргізіп, сараптады. Диссертациялық зерттеудің маңыздылығы телеарналардағы заманауи экрандық контентті зерттеу арқылы «ұлттық контент» жасаудың тиімді жолдарын қарастырды.

Қазақ телевизиясындағы заманауи контентті режиссураның тарихи-салыстырмалы зерттеу әдістері арқылы жаһандық тенденцияларға сәйкестендіру, сапасын арттыру, ілгері дамыту перспективалары ағымдағы зерттеудің негізгі нысаны болып табылды. Зерттеудің өзектілігін айқындау мақсатында отандық телеарналар жұмысы шетелдік телеарналармен салыстырыла қарастырылды. Телебағдарламалар тақырыбы мен контенті анализ әдісі негізінде сараланып, бағдарламалар мазмұнына зерттеу жүргізілді.

Докторант, басты мәселелердің бірі – әлемдік және отандық телевизиядағы режиссураны зерттеуде оның кемшіліктері мен жетістіктерін айқындаі отырып, телеконтент сапасының даму жолдарына талдау жасады.

**2. Диссертацияға қойылатын «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптары шегіндегі өзектілігі.**

Диссиденттүң зерттең отырған жұмысының ғылыми деңгейі, рәсімделуі, мазмұны, жаңалықтары мен қорғауға ұсынылатын нәтижелері, тұжырымдамалары 6D040600 – Режиссура мамандығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына толық сәйкес келеді. Мақсаттары мен міндеттері ғылыми түрғыда толық жүйеленген. Диссидент диссертациялық жұмысын орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

1-ші ғылыми нәтиже. Әлемдік телережиссураның генезисі мен даму кезеңдері сарапталып, контент терминінің негізгі сипаттық белгілері анықталды. Контент ұғымының белгілері айқындалып, оның әлемдік телевизия саласындағы негізгі тұжырымдамалары жүйеленді;

2-ші ғылыми нәтиже. Масс-медиа зерттеулеріндегі телережиссураның теориялық және техникалық негіздері анықталды;

3-ші ғылыми нәтиже. Әлемдік деңгейдегі телережиссураның заманауи экрандық контент құру үрдістері алғаш рет сарапланып, зерттеу нысаны ретінде қарастырылды;

4-ші ғылыми нәтиже. Отандық телевизияның қалыптасуы, яғни әдістерінің сапалы телевизиялық контент құруына және дамуына сараптамалық талдау жүргізіліп, тұнғыш рет қазақ телережисурасы ғылыми түрғыда жүйеленіп зерттелді;

5-ші ғылыми нәтиже. Қазақстандық телеарналардағы контент құрудың өзекті мәселелері айқындалды;

6-шы ғылыми нәтиже. Отандық телеарналардағы контенттің сапалық ерекшеліктері нақтыланды;

7-ші ғылыми нәтиже. Медиа продакшн кеңістігінде заманауи технологияларды қолдану тәсілдері ұсынылды;

8-ші ғылыми нәтиже. Медиа платформалар кеңістігінде жаңа технологиялар мен режиссураны модернизациялау әдістері арқылы ұлттық контент қалыптастырудың жолдары қарастырылды.

9-шы ғылыми нәтиже. Бүкіләлемдік жаһандану үрдісінде отандық телеконтенттің тақырыптық-шығармашылық, мағыналы-мазмұндық даму перспективалары жүйеленді;

10-шығылыми нәтиже. Экрандық өнер саласының теориялық негіздерін зерттей келе, автор заманауи талаптарға сай, экрандық салаға қатысты көркемдік және техникалық шешімдерді, этикалық-эстетикалық, магыналы-мазмұнды әдіснамалық принциптерді қамтитын жана «сапалы экрандық құралдар» (СЭК) терминін қолданысқа (айналымға шығаруға) ұсынды.

11-шіғылыми нәтиже. Экрандық салада режиссуралық кәсіптің барлық ауқымын қамтитын, оның теориясына сүйене отырып жүзеге асатын шығармашылық шешімдерінің, әдіс-тәсілдерінің нәтижесінде қолданылатын, тұңғышғылыми айналымға «Режиссерлық формат» терминін енгізді.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайлық дәрежесі.**

Докторанттың диссертацияда мазмұндаған тұжырымдары мен қорытындыларының теориялық-әдіснамалық негізін анықтауда тарихи-танымдық, оқу-әдістемелік, энциклопедиялық-анықтамалық, өнертандышылық әдістерін қолданды.

Бірінші тарауда отандық телевизияның тенденцияларына әлемдік телевизияның құрылымының тікелей әсеріғының түргыдан қарастырылды. Телевизиялық режиссураның сапалы, заманауи контент бағытының қалыптасу және даму кезендері, сипаттары мен тұжырымдары, сонымен қатар, телевизия режиссурасының, техникалық үдерістің контенттік мазмұнға әсерлері тарихи-теориялық түргыдан зерделенді.

Екінші тарауда қазіргі телевизия өндірісінде заманауи режиссура – контенттің ең тиімді және қажетті құралы екендігі нақтыланды. Отандық телевизияның дамуында ұлттық менталитет пен кеңестік дәуірдің сипаттарына сүйене отырып жасалған алғашқы қадамдары зерделеніп, кейбір ашылмаған тарихи тұстарына мән берілді. Қазақ телевизиясына елеулі еңбек сінірген аға буын телевизия мамандарының зерттеулері сарапанды. Осы аспектілердің нәтижелеріне сүйене отырып, отандық телевизияның перспективаларына болжамдар жасалынды.

Үшінші тарауда докторант телевизиялық контентті зерделей келе оның техникалық құрылымдарға негізделгенін, әлеуметтік-психологиялық әсерлерін талдай, перспективалық даму жолдарын сарапады. Жаһандану үрдістері салдарынан туындаған эфирлік платформалардың жаңа түрлеріне сипаттамалық түсініктер беріп, отандық эфир кеңістігіндегі перспективаларды нақтылады. Сонымен қатар, теориялық тұжырымдамалар

жасалып, анықтамалар берілді. Зерттеудің мақсатын айқындау үшін Отандық және шетелдік телеарналар мысалға алынды. Отандық телевизия саласындағы контент құрудагы режиссураның технологиялық орны мен маңызын теориялық түрғыда негіздей отырып, қорытындылар шығарылды.

*Ғылыми зерттеудің теориялық - әдіснамалық* негізін анықтауда тарихи-танымдық, оку-әдістемелік, энциклопедиялық-анықтамалық, өнертансушылық әдістердің кеңінен қолданы. Тарихи-танымдық тақырыптарды аудио-визуалды өнер түрғысынан зерттеуде: Ан. Вартанов, Р. Архейм, Ж. Садуль, Е. Теплиц, С. Эйзенштейн, Л. Кулешов, Г. Козинцев, М. Мартен, С.И.Фрейлих, А. Н. Митта сияқты шетел ғалымдарының еңбектеріне сүйенді. Телевизия үлгісіндегі жаңа әфиirlіk платформаларды анықтауда, медиа технологиялар шеңберінде К. Разлогов, Э. Багиров, В. Костоусов, С.Фурцева, Ю. Богомолов сынды ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Заманауи экрандық өнер режиссурасының бағытын зерделеуде отандық телевизия зерттеушілерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары басшылыққа алынды. Олардың М.К.Барманкулов, С.Барлыбаева, Қ.Тұрсын, Ж.Әbdіjәdілқызы, Г.Б.Абильдина, Ж. Тойбаева, Т.Кабиеваның жұмыстары пайдаланылды.

#### **4. Ізенушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

1. тұжырым. Әлемдік телевизияның генезисін зерттеуде телережиссураның қалыптасу тарихында негізгі үш кезеңі айқындалды: 1) Телевизияның дербес медиа саласына айналуы (1940-жж.). 2) Телережиссура саласында кинорежиссура принциптерінің бейімделуі (1950 – 1960 жж.); 3) Телевизия режиссурасының қалыптасуы (1960 – 1970 жж.); Телевизиялық контент ұғымының негізгі сипаттық белгілері – ЖТС түсірілімі, көпкамералық түсірілім, синхрон, тікелей қосылым, БМЖ (Бейнемагниттік жазба), т.б. зерттеуде бірлікте қарастырылды. Әлемдік телевизия саласындағы негізгі әфиirlіk тарату форматтары – аналогтік, кабельдік, спутниктік, цифрлық сигнал тарату жүйесі мен стримингтік платформалар жүйелері айқындалды;
2. тұжырым. Масс-медиа саласында телевизияның XX ғ. 1950 – 1970 жж. қалыптасқан шығармашылық-көркемдік, 1980 – 1990 жж. техникалық мүмкіндіктерінің теориялық негіздері: экран тілі, авторлық режиссура, телемонтаж принциптері, түсірілім әдістері, телевизияның техникалық тәсілдері және т.б. қарастырылды. Телережиссураның теориялық аспектілерін зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастырып, телережиссурага негізделген ғылыми-теориялық зерттеулер базасының аздығы анықталды.

3. тұжырым. Әлемдік телевизия үлгілері: көпкамералы (мультикам) түсірілім, студиялық, ЖТС-тік, деректі-хроникалық, бейсызықты монтаж, түсіру әдістері негізінде бірыңғай телережиссура стандарттары енгізілді. Енгізілген стандарттарға сәйкес заманауи телевизиялық контенттің технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы дамуы сараланды. Контенттің жанрлық, мазмұнды-мағыналық бағыттары ескерілді. Әлемдік заманауи телевизия саласында контент құрудың жанр, мәтін әрі жаңаша түсіру үлгілерінің қалыптасқандығы нақтыланды. Әлемдік үрдістерге сай контент құруда телережиссураның жаңашыл стандарттарының қолданыска түскендігі шетелдік және отандық нақтылы мысалдармен көлтірілді.

4. тұжырым. Қазақ телевизиясы әлем телевизиясының өз тарихында бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Отандық телевизияның құрылу кезеңі әлемдік үдерістен кешірек қалыптасқанымен, жаңадан құрылған аудио-визуалды медиа ретінде ұдайы даму үстінде. Осы орайда отандық телевизия тарихындағы контент құрудың бірнеше кезеңдері жүйеленді: 1). Қазақстанда алғаш рет телевизиялық эфир арқылы бағдарламалар тарату тәжірибесі (1958 – 1960 жж). 2). Ұлттық кәсіби мамандар базасының құрылуы, телебағдарламалар аясының кенеюі (1960 – 1970 жж). 3). Телебағдарламалардағы ұлттық контент үлесінің артуы (1970 – 1980 жж). 4). Қазақстанның тәуелсіздік алдымен эфир тарату жүйесі саяси-әлеуметтік, мәдени-ақпараттық тұрғыда да дербес құрылымға айналып, отандық телеконтенттің тақырыптық-мазмұндық тұрғысынан трансформациялануы (1991 ж. бастап). 5). Қазақстанның телевизияның цифрлық форматқа ауысуына байланысты телебейненің техникалық сапасының жақсарып, өндірістің барлық сатыларының оңтайландырылу кезеңі (2012 ж. бастап).

5. тұжырым. Зерттеуші қазақстан медиа кеңістігіндегі телеарналардың контент жасауда техникалық, мазмұндық мәселелерін қарастыра отырып, телевизияның аудио-визуалды экрандық сала ретіндегі негізгі мәселелерін белгіледі: заманауи жаңа техника мен технологияларға тәуелділігі, жекелеген техникалық кәсіби мамандар тапшылығы, түпнұсқа контенттің аздығы, бәсекенің төмендігі, авторлық және құқықтық нормативтердің сақталмауы.

6. тұжырым. Отандық телевизиялық контентті саралау нәтижесінде оның өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Мәселен, тақырыптық-жанрлық құрылымы, мазмұны мен формасы. Отандық контент құрудағы психологиялық, техникалық, технологиялық тұстары және құрылымдық ерекшелері зерделенді. Яғни, контент мазмұнында ұлттық болмыс пен

рухани құндылықтар мәселелерін айқын көрсету, ұлттық контентті жасауда сапасына үлкен мән беру мәселелері қарастырылды.

7. тұжырым. Әлемдік медиа продакшн, отандық экрандық сала және жаһандық стримингтік платформалар кеңістігінде заманауи цифрлық эфир тарату, интерактивті-коммуникациялық байланыс, интернет және әлеуметтік желі технологиялары прогрессивті даму үрдісімен ерекшеленетіндігі сарапанды.

8. тұжырым. Медиа платформалар контекстінде ұлттық контент құру үрдісі рухани құндылықтарды қайта жаңғырту, отандық телевизия ұғымын қалыптастыру технологиялық прогресс түрғысында айқындалды. Соның нәтижесінде, отандық телеарналардағы контенттің қалыптасу жолы анықталып, аудио-визуалды сала ретінде жаңаша сипатқа ие болды. Рухани жаңғыру бағытында, жаһандану үрдісіне сәйкес, әлемдік режиссура стандарттары негізінде перспективалары мен көркемдік ерекшеліктері жүйеленді. Ұлттық контентті құру – ұлттық кодты анықтау, ұлттық бірегейлік мәселелері, рухани құндылықтарды жаңғырту, тарих пен өркениетті ұлт санасында қалыптастыру, халықтың әлеуметтік мәселелердегі сауатын арттыру сияқты маңызды мәселелерді шешетіндігі айқындалды.

9. тұжырым. Технологиялық даму құбылыстары XXI ғ. жетік менгеріліп, өзектілігін жоймаған, телевизиялық тың дүниелерді қайта модернизациялауға арналған жаңа перспективалар кеңістігінде қарастыру ұсынылды. Отандық медиа кеңістігінде әлемдік үрдістерге сай заманауи стримингтік платформаларды енгізіп, ұлттық контентке негізделген өнімдермен толықтыру маңыздылығы нақтыланды. Жаһандану процесінде әлемдік медиа кеңістікке жаңадан қосылған стримингтік платформалар динамикасын анықтап, контенттің жаңа үлгілерін отандық нарыққа енгізу мәселері ұсынылды.

## **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертациялық жұмыс үш бөлім, әр бөлім үш тараушадан құралған және құрылымы, мазмұны, зерттелу деңгейі мен қорытындысы жүйелі, әрі логикалық тұластықты сақтайды. Зерттеу жұмысы толыққанды ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Себебі, әрбір тұжырым мен ғылыми жаңалығы дәлелденген. Жалпы саны 131 тәң ғылыми еңбектер, монографиялар мен мақалаларды пайдаланған, негізгі мәтіні компьютерлік терілімде 122 құрайтын беттерді қамтиды.

Зерттеу жұмысының теориялық негіздері мен тәжірибелік нұсқаулары өзара мағыналық байланыста және нәтижелік тұжырымдары сәйкес. Көтерілген мәселелері мен ұсынылған жаңалықтары дәйекті, тұжырымдары мен нәтижелері айқын, теориялық сараптаулары, талдаулары, дәлелдері өзара сабактастықта үйлесімділігін тапқан.

Ғылыми зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін анықтауда тарихи-танымдық, оқу-әдістемелік, энциклопедиялық-анықтамалық, өнертансушылық әдістер кеңінен қолданылды.

Ізденуші тұжырым жасауда теориялық зерттеулер мен тәжірибелік материалды ұтымды пайдаланды.

## **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезісі мен даму перспективалары» диссертациялық ғылыми жұмыс телевизияның тарихи даму аспектілеріне дең қойып, оның дамуының қыр-сырларын аша отырып, уақыт кезеңіндегі трансформацияларын зерттейді. Даму сатысының кезендерін онжылдықтарға бөліп, сол кезендеңі өзгерістеріне шолу жасап, сол кезендерге сәйкес жаңалықтарын айқындайды. Диссертациялық жұмыс, телевизия саласында білім алушыларға, ізденушілерге ғылыми-әдістемелік нұсқау, оқу-әдістемелік құрал болады.

## **7. Ізенушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайлық дәрежесі.**

Ғылыми зерттеуде отандық медиа кеңістікте телевизиялық контенттердің тарихы, режиссураның даму перспективалары зерттелді. Телережиссураның белгілі бір контент аясында даму шартына сай отандық медиа кеңістікте, тұрақты қалыптасқан контенттік арналардың болуы заңды құбылыс. Бұл тұжырымдама негізінде ізденуші келесі шешім жолдарын ұсынды:

1. Отандық медиа аланда бірыңғай бағыттағы арналарды қалыптастыру.
2. Бірыңғай бағыттағы, моноконтентті арналар санын көбейту.
3. Моноконтентті арналар топтамаларын еркін даму үдерісіне бейімдеу. Аталған шешімдер, арналардың өзін-өзі дамыту, қаржыландыру саясатына көшу жолдарын ұсынады.

Докторант ұсынып отырған қорытындылар мен нәтижелерінің ғылыми негізі айқын. Еңбек алғаш рет отандық телережиссураның кешегі кеңестік қалыптың қойнауынан шығып, оның тәуелсіздік тұсындағы әлемдік және жақын шетелдік елдердің ізденістегі жолдарын барлай отырып, қазақ телережиссурасының өзіндік бет-бейнесін нақтылау, айқындау бағытындағы ізденістерін сарапаған. Осыған орай, нақты тұжырымдар ұсынған. Зерттеуде келтірілген негізdemeler нәтижесінде осы салада заманға сай мамандар даярлаумен қатар, олардың жана жүйедегі ізденістері мен іс-тәжірибелерін қунделікті қолданысқа енгізу жолдары көзделген.

#### **8. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жарияланымда расталуы.**

Диссертация жұмысының қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары КР БФМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен басылымдарда және Scopus-тың ақпараттық базасына кіретін журналында талап бойынша мақалалары жарияланған. Жалпы саны 8 (сегіз) ғылыми мақала жарық көрген.

#### **9. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Аңдатпа диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымымен толық сәйкестендірілген, негізгі зерттеулер ғылыми тұжырымдармен рәсімделген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

#### **10. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

**М.К.Бакееваның диссертациялық жұмысын қарау барысында келесі сұрақтар туындағы:**

1. Әлемдік жаһандану жағдайында отандық (қазақстандық) медиа кеңістіктің, соның ішінде отандық телевизияның бүгінгі күнгі жағдайы шетелдік арналармен салыстырғанда қандай жағдайда?

2. Қазақстан аумағындағы эфир тарату жүйесі қай жылы және кімнің басшылығымен жүзеге асты?

3. Ұлттық телевизиялық контентті жасауда телережиссерлерге қойылатын талаптар кандай мәселелерді қамтуы керек?
4. Елімізде кешегі кеңестік дәуірден қалған кандай телевизиялық мұраларды атауга болады?
5. Ұлттық контент құруда тауашалық арналардың маңыздылығы қандай?

**Корғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмысының жетістіктерімен бірге, кейбір ескертпелері бар.**

1. Фылыми енбекте кейбір грамматикалық, орфоэпиялық қателіктер кездеседі.
2. Әрбір тараудан кейін қорытынды тұжырымдарын толықтыру қажет.

Алайда, аталған ескертпелер ізденушінің диссертациялық жұмысына, тақырыптың өзектілігіне ешқандай нұқсан келтірмейді.

Диссертация мазмұнының Фылыми дәреже беру ережелерінің 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Докторант Бакеева Мадинаның «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты диссертациялық жұмысы отандық телевизия саласында тұнғыш рет телевизия режиссурасы фылыми негізде өзекті әрі құнды тақырыптың бірі болып есептеледі.

Жоғарыда айтылған бірер ескертпелер болмаса, тұтастай алғанда диссертациялық жұмыс КР БФМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің Фылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес жазылған.

«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты диссертациялық жұмыстың авторы докторант Бакеева Мадина Кайратжановнаны 6D040600 «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) фылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Филология ғылымдарының докторы, профессор**

**ҚР Әділет Министрлігі заннама және құқықтық**

**ақпарат институты Лингвистика орталығының**

**Бас ғылыми қызметкері**

**ТҰРСЫН Құдайберген**



*Бастаубек Рағимов 1999-2000 жылдарда Г.Жапанова*